



Қазақ елі өз жаңа жылын – Наурызды тойлады. Наурыз ұғымының пайда болуы жайлы тарихшылар түрлі мәліметтер айтады. Көптеген зерттеушілер бұл мейрамның шығу тегін Иранның Пишдадит династиясының мифологиялық патшасы Джамшид IV-нің есімімен байланыстырады. Хокони, Ширвони және басқа да дерек көздерінің мәліметтері бойынша бұл династия Иран елін алты мың жылдан артық билеген. Алты мыңжылдық тарихы бар және күні бүгінге дейін сақталып келген көне Иранның маңызды дәстүрлерінің бірі – Наурыз мейрамы болып табылады. Мейрамның пайда болуы осы патшаның есімімен байланыстыра айтылатын болғандықтан, оны “Наурузи-Джамшиди” деп те атайды.

Сафар АБДУЛЛО, ҚР БҒМ Шығыстану институтының жетекші ғылыми қызметкері

Наурыз

туралы біреер сөз

Авеста бойынша Джамшидтің билік еткен дәуірі Иран тарихының алтын кезеңі болып табылады. Аңыз бойынша бұл уақытта халық молшылықта өмір сүрген, жандының ешбірі өлмеген, ағаштар қурамаған, аптап та, аяз да болмаған, адамдар қартаймаған, олардың арасында өзара күншілдік, көреалмаушылық болмаған.

Көне және ортағасырлық парсы дереккөздерінің, әсіресе, “Құдай-наменің” көптеген мәліметтерін өз туындыларына арқау еткен ұлы Фирдоуси Джамшид патшалығы туралы айтқан кезде, Джамшидтің елде үлкен әлеуметтік реформалар жүргізіп болған соң, өзінің алтын тағына отырып, халықты Дамованд және Бабуль таулары аралығын бір күнде жүріп өтетіндігімен таңқалдырған. Бұл Фарвардин айының бірінші күнінде болған екен. Мұндай сиқырды көрген халық бұл күнді Наурыз деп атап, жыл сайын оны мейрам етіп атап өтетін болған. Төмендегіше мәлімет тағы бар:

“Құдіретті ореолдың көмегімен ол тағын тікті. Бұл тақ байлық пен жарқыраған бриллианттармен сәнделген, билеушінің қалауымен дио бұл тақты көтеріп, жер мен көктің арасында сәуле шашқан күн тәрізді кейіпте жазықты далалар мен асқар биік таулардан алып өтеді. Осы таққа отырған шах сол сәттен бастап бүкіл жаратылыстың билеушісі болады. Бүкіл әлемнің назары осы таққа ауады. Бәрі де патшаның бақытына таңқалып, таңдай қағысты”.

Жоғарыда айтылғандардан белгілі болғандай, көне ирандық мейрам Наурыз – жаңа күн, яғни, жыл басы болып саналатын күн деген ұғымды береді. Абурайхан Бируни былай дейді: “Парсылардың дәстүрлерінің бірі – Наурызды тойлау болып табылады. Бұл қандай мейрам? Фарвардин айының жаңа күні, сол сәбепті ол солай аталады. Осы күннен бастап Жаңа жыл басталады. Осы күннен кейінгі бес күн бойы Наурызды тойлау жалғаса береді”.

Бируни Наурыз туралы өзге де аңыздарды келтіреді: “...Сулайман-бин-Довуд өзінің жүзігін жоғалтып алған соң, патшалықтан айырылып қалады, бірақ қырық күннен соң оны қайта тауып алды, сөйтіп, патшалық оған қайтып келді және құстар да айналасына жиналды. Ирандықтар “Науруз омад”, яғни “Жаңа күн туды” деді”.

Бұл аңызды семиттердің туғызғаны және оның ирандықтарға еш қатысы жоқтығы түсінікті, себебі, біздің дәуірімізге дейінгі Х ғасырда, Соломон билік еткен тұста ирандықтар мен семиттіктердің арасында жақын саяси және мәдени байланыс орнамаған еді. Осы сәбепті оның билікке қайта оралуы ирандықтар үшін мейрам болуы мүмкін емес, әрі мейрам Наурыз атты ирандық атау алған.

Сондай-ақ: “Джамшид иран қалалары мен ауылдарын аралағаны жақсы көретін. Ол Әзірбайжанға сапар шекпек болғанда алтын таққа отырды, ал халық болса оны иығына сап көтеріп өкетті. Халық күн сәулесінің алтын таққа түскен көрінісін көрген соң бұл күнді Наурыз деп атап, оны мейрам етіп тойлайтын болған”.

Дәстүр бойынша дәл осы күні адамдар бір-біріне сыйлықтар береді. Мұның себебі, дәл осы күні аңыз бойынша Иранда қант құрағы табылған. Джамшидтің өзі бір күні су тамшылап тұрған құрақты көріп, дәмін татса, тәтті екен. Ол осы құрағы шырынын жинап алып, одан қант жасауға әмір етеді. Мұнан соң Фарвардин айының бесінші күнінде қант даяр болады. Содан бері осы күні адамдар бір-біріне тәтті-дәмділер сыйлайтын болған. Фарвардин айының алтыншы күні Иран патшалары үшін ұлы күн болып саналатын Ұлы Наурыз келеді.

Ирандықтар Құдай өзінің дүниені жаратуын осы күні аяқтағанына сенетін. Зорастриялықтардың айтуынша, дәл осы күні Заратуштра Құдайға тілек етуге мүмкіндік алды, сол арқылы Кайхусрав көкке көтерілді. Дәл осы күні Құдай жердегі тіршілік иелеріне бақыт үлестірді, сондықтан ирандықтар бұл күнді “рузи умед” (үміт күні) деп те атайды. Көпті көрген кісілердің айтуынша, осы күні әрбір адам жақ ашпас бұрын балдан дәм татып, өз тәнін маймен сыласа, жыл бойы барлық қайғы-қасіреттен құтқарылады.



Наурыз және оның тойлануы туралы парсы кітаптарында көптеген әңгімелер мен хикаялар жазылған. Ұлы Омар Хайям өзінің “Наурыз-наме” кітабында былай деп жазған екен: “Наурыздың қақыпласу себебіне келсек, баршаға белгілі, Күннің екі айналымы бар, оның бірі әрбір үш жүз алпыс бес күн мен тәуліктің төрттен бір бөлігінде дәл өзі шыққан тәулік уақытында Торпақ шоқжұлдызының бірінші минутына қайта оралады, және әр жыл сайын бұл кезең кемі береді. Осы күн келіп жеткенде Джамшид оны Наурыз деп атап, оны мейрам етіп бекітті. Патшалар мен өзге халық оның бұл ісін жалғастырып өкетті. Көпшіліктің айтуынша, Иранның патшасы Кайумарс I өзі патша болып тағайындалғанда адамдар біле жүрсін деп жылдың айлары мен күндеріне ат қойып, жыл есебін бекітпек болады. Ол таңертең күннің Торпақ шоқжұлдызының алғашқы минутына кіретін тәулікті тауып, Иран мұбадтарын жинап, осы сәттен бастап жыл санауды бастауға бұйрық берді. Мұбадтар жиналып, осы сәттен бастап жыл санауды бекітті. Иран мұбадтары, сол уақыттың оқымыстылары айтқан екен, Құдіретті Құдай және киелі Изад он екі періште жаратып, оның ішінде төрт періштені аспанды шайтандардан қорғау үшін көкке жібереді, ал төртеуін дүниенің төрт бұрышына жібереді, оларға шайтандар Қап тауынан әрі асып кетуіне жол бермеу, ал қалған төртеуіне жер мен көктің арасында жүріп, шайтандарды адамдардан аулақ қуу тапсырылған екен. Иран мұбадтары, бұл әлем өзге бір екінші әлемнің ішінде орналасқан, мәселен, ескі сарайдың ішінде салынған жаңа үй тәрізді, құдіретті Изад Күнді жарықтан жаратқан, ал Күннің көмегімен ол көк пен жерді жаратқан. Барлық адам Күнді құдіретті Изадтың жарықтарының ішіндегі жарығы болып табылатындықтан да ерекше қадір тұтады, олар оған зор салтанатпен және құрметпен қарайды, себебі, құдіретті Изад өзге жаратылыстарға қарағанда Күннің жаратылысына ерекше көңіл бөлді, өзінің ізбасарларының бірін ұлықтаған және оның артықшылығын жариялаған ұлы патша тәрізді, сол сәбепті оны құрмет тұтқан адам патшаны да құрмет тұтқаны. Көптің айтуынша, Жаратқан пен киелі Изад оның сәулелері мен пайдасы барлық жерге жетерлік болуы үшін Күнге орнынан жылжуды бұйырған сәтте күн Торпақтың басынан шықты, түнек пен жарық бір-бірінен ажырады, осылайша күн мен түн пайда болды. Осылайша, бұл әлемнің тарихы басталды”.

Парсы дереккөздері Наурыз туралы түрлі мәліметтер береді. Көп жағдайда бұл Иран халқының дәстүрімен, салтымен, мәдениетімен байланысты. Х ғ. парсы тіліне Ауали Балами аударған танымал шығарма “Табари тарихында” Джамшид патшалығы туралы былай делінген: “...мұнан соң ол оқымыстыларды жинап алып, олардан сұрады: “Мен неліктен осынша уақыт патшалық етіп отырмын және неге?” Оған жауап бергендер: “Сен халыққа әділетті және мейібан болғандығыңнан осынша уақыт ел басқарып отырсың” дегенді айтты. Мұнан соң ол өзінің

мейірімділігін одан әрі арттыра түскісі келіп, оқымыстыларға айтты: “Мен барлық жапа шеккен адамдарды жинап алып, олармен бірге отырамын, сендер де келіңдер. Әділдік пен мейірімділікке мұқтаж барлық адамдарға көмек берем. Мен сендер не қаласандар соны жасаймын”. Ол халықтың алдына шығып, өзінің күнеларын жуып, тәубеге келген күн Фарвардин айының бірінші күні еді. Осы уақыттан бастап бұл күн Наурыз деп аталды...”

Сондай-ақ, әділ де мейібан, адамдарға қамқоршы патшаны армандаған Иран халқының үміті мен армандарына куәгер бұл күн туралы көптеген әңгімелер сақталған. Себебі, наурыз күні, яғни Жаңа жылдың бірінші күні Күн Торпақ шоқжұлдызына кіреді. Ирандықтарда бүкіл әлем осы сәтте жаратылған

осылайша оларды исламдық ортада қалыптастыра алды. Олардың Шарифат заңдарына қайшы емес, керісінше, оған сән бере түсетіндігіне қоғамды сендіре алды. Осының арқасында Күн күнтізбесі бойынша жыл санау мен Иран Жаңа жылы – Наурызды атап өту қабылданды. Сол заманның көптеген беделді адамдары Наурыз мейрамының ресми статусын бекітуде ерекше үлес қосты. Имам Джафар Садик қамқорлық еткен ирандық Мулло бен Ханис есімді адам Наурыз мейрамын ай күнтізбесінің отыз күндік айына енгізді. Ол Садик имамға өтініш етіп (оған тек тыныштық болсын!) оның келісімін алды, осыдан бастап бұл мейрам ирандықтар арасында Сасанидтер уақытындағыдай қайта діни сипатқа ие болды, бірақ бұл исламдық сипат еді.

Бұл жайлы “Бустан-аль-Орифин” (сопылардың гүлзары) кітабында Қожа Насредин Туси поэтикалық формада берген әңгімеде айтылған еді. Ол жайлы тереңірек өзінің “Науруз ва си руз” (Наурыз және отыз күн) атты шағын шығармасында Муллоухсин Файси Кошони әңгімелейді.

Кейбір зерттеушілердің айтуынша, имам Садик

деген сенім қалыптасқан. “Күн Торпақтың басынан шыққанда түнек пен жарық ажырап, күн мен түн пайда болды. Осы уақытта көктен күн мен түннің теңелуі жүзеге асады, ауа-райы да қолайлы бола бастайды”. Олар Хайямның айтуынша:

**Бұл тамаша күн, суық та жок, аптап та,
Гүлзардың жүзіндегі шанды бұлт шаяды.
Бұлбұл өзінің мың құбылған даусымен,
Сарғайған гүлдерді малақтайды:
Оянатын уақыт болды,
шырыңға қанығатын.**

Ұйқыдағы табиғат оянады, барлық тіршілік иесі жаңа өмір бастайды.

Исламды қабылдағаннан кейінгі Наурыз

Көне әлемдік өркениетке жататын бай тарихы мен дәстүрі, ұлан байтақ территориясы бар, үш ұлы империя құрған, жер шарының біраз бөлігіне билік жүргізген халықтың жарасымды және шат-шадыман өмір сүргенінде еш күмән жоқ, Ислам дінін қабылдаған соң бұл халық Ибрагимскийдің әділ аңғарғанындай: “Біраз уақыт мұндайды, сонан соң жаңа мәдениет пен жаңа тілді өте жылдам меңгеріп алды”. Иранның көптеген өкілдері интеллектуалдық элитаның құрамына енді, мырза болып халифтер сарайында қызмет етті. Араб (ислам) Халифатын басқарған Иранның шыққан династиялар болды және осы билеушілердің күшімен көне ирандық дәстүрлер қайта жанданды.

Иран ақсүйектерінің араб халифтеріне әсері жоғары болғаны соншалықты, олар халифтерді Наурыз мейрамында Сасанид билеушілері сияқты халық алдына қымбат киім, жарқыраған інжулермен шығып, олармен тікелей тілдесуге көндірген екен. Сондай-ақ, көне жыр айту салты да қайта жаңғырды. Біраз уақыт өткен соң Саффаридтер, Тахиридтер, әсіресе, Саманидтер сияқты Иран мемлекетінің Халифатына шартты түрде тәуелсіз сарай маңындағы парсы ақындары мен жазушылары Иранның бұрынғы ұлылығын жырлап, осы арқылы Наурыздың қайта жаңғыруына мүмкіндік туғызды. Парсы-тәжік ақындары мен ойшылдарының сөздері күшті әрі әсерлі болғаны соншалықты, оған мән бермеу мүмкін емес еді, бұл әсердің зор болғаны сонымен, ел билеушілері Иран салтын, дәстүрін жоққа шығара алмады, олай болған күнде олар өздерінің әлсіздіктерін байқатқан болар еді.

О баста арабтар Иран мәдениетін өз дәрежесінде бағаламаса да, ирандықтар өз уақытының имамдарымен араб тілінде сөйлесті және ирандық салт-дәстүрлердің маңыздылығын түсіндірді,

Сағынғали СЕЙІТОВ

Науан Наурыз, армысың!

**Наурыз келді, көктем келді ағайын,
Жалдырайды, жаңғырады манайым.
Назды, сазды науан Наурыз, армысың?
Сұлу мүсін саған біткен бар мүсін.**

**Қайнарындай қалың қуат, қайраттың,
Сен келдің де ғаламшарды жайнаттың.
Тіршілікке тіл бітіріп өзгеше,
Дүниенің бұлбұлдарын сайраттың.**

(оған тек тыныштық болсын!) былай деп жар салған екен: “Фарвардин айының басында адам жаратылған және бұл күн адамдар тілегі мен армандарының орындалатын күні, сондай-ақ, падишахтармен кездесуге, ғылымды меңгеруді бастауға, үйленуге, саяхат жасау мен сауда-саттыққа ең қолайлы күн. Бұл күні сырқат адамдар өздерін тәуір сезіне бастайды, әйелдердің босануы жеңіл болады, осы күні дүниеге келген адам бақытты болуы тиіс” және т.б. Сондай-ақ, Ислам Пайғамбары Хазірет Мұхаммедке (Оған Алланың нұры жаусын!) жақын жүрген жандардың бірі Салмони Форси осы Наурыздың ислам әлемінде таралуына үлес қосқан деген сенім бар. Көптің айтуынша, Салмони Форси айтқан екен, Фарвардин айының бірінші күні құдіретті Хурмуздің бір есімімен аталған және бұл күн ең бақытты күн болып табылады. Сондай-ақ, Хазірет Имам Садик айтқан екен: “Наурыз күні төңдеріңді жақсылап жуып, оны тазалықта ұстаңдар, бар жақсы киімдеріңді киіп, хош иісті иіссү себіңіз, Жаратқанға мадақ айтыңдар”.

Ирандықтар өздерінің ұлттық дәстүрлері мен салттарын жаңа жағдайда сақтап, қайта жандандыру үшін қолдарынан келгенің бәрін жасады. Олар Наурыздың киелілігіне шынайы сенді, оны Күннің жерге алғаш сәуле шашқан күні, жанды табиғаттың туған күні, Жәбірейіл періштенің исламдық Пайғамбар Мұхаммедке (с.ғ.с.) Жаратқанның сөзін алып келген, Ибраһим (Авраам) пұттарды қиратқан күн деп санады.

Көптеген көне ирандық дереккөздер Наурыздың Иран мемлекетінің бірнеше ғасырлық қилы тағдыры мен түрлі тарихи оқиғалары кезінде де өзінің тіршілігін тоқтатпаған жалғыз мейрам екендігін дәлелдейді. Бүгінгі күнде де өзінің өзектілігі мен халықтың зор сүйіспеншілігін жоғалтпаған бұл мейрам өз деңгейінде атап өтіледі.

Наурыздың салт-дәстүрлері

Ахеменидтер мен Ашканидтер дәуіріндегі Наурыз мейрамының салттары мен дәстүрлері жайлы толық мәліметтер өте аз. Бірақ бізге белгілі барельефтер мен ахеменидтік патшалар жазбаларынан анық болғанындай, әр жыл сайын Наурыз күндері Ахеменид империясының құрамына енетін барлық елдерден Иран шахиншахына (патшалардың патшасы) мол сыйлықтармен делегациялар келетін болған. Бұл Персиполисте, аңыз бойынша Александр Македонский өртеп жіберген Ахеменид патшаларының резиденциясында жүзеге асқан. Кейбір деректерге қарағанда, делегаттар атқарылған жұмыстар жөнінде есеп беріп, орталық биліктен жаңа тапсырмалар алып отырған. Ал Сасанидтер дәуірінде Наурыздың қалай атап өтілгендігі жайлы мол мәліметтер бар.

Наурыздың бір салты түрлі деректерде аталады және бұл салт бізге дейін келіп жеткен. Бұл салт мерекелік дастарханға байланысты болып келеді. Мұнда дастарханға атауы “с” әрпінен басталатын жеті түрлі тағам қойылуы керек. Сондай-ақ, дастарханға діни салттық заттар, мысалы, киелі кітап, берекелік пен өмір жалғастығын бейнелейтін анар ағашының бұтағынан басқа киелі отқа арналған ошақ қойылуы керек. Мұның бәрі көне ирандықтардың сенімінде мерекелік асты көркейте түсуі керек. Бұл салт Maуард деп аталады. Дастархан төрде орналасып, дәм ұсынатын арнайы адам болған. Оны Maуард-рап, яғни астың қорғаушысы деп аталған. Қазір де Майзад сөзі парсы тілінде “миз” формасында, яғни дастархан және “миздбон” сөзі “мизбон” формасында, яғни қонақтарды қарсы алатын қожайын мағынасында сақталған.

Дастархандағы барлық дәм нақты бір төртіппен орналасады, ас киелі деп саналады, себебі, ирандықтар аспен бірге бұл күні Ахурамазда құдайы

адамдарға мейірімді және пайдалы істер жасауы үшін қажетті *Fravahr* – рухани күшті жібереді деген сенімде болған. Ахурамазда бұл әлемді жаратпас бұрын осы әлемдегі барлық жанды тіршілікке арнап рухани күшті жаратқан, және осы руханилық өзге әлемдегі болашақты анықтайды, себебі, *Fravahr* өлімінен соң әркім де жердегі тіршілікті тастап, көкке көтеріледі, сонда бүкіләлемдік руханилық кейпінде сақталады. Әр жыл сайын Наурыз кезінде, аңыз бойынша *Fravahr*, яғни алдыңғы ұрпақтың рухани күші ата-бабалардың дәстүрі қалай құрметтелетіндігін көру үшін жерге түседі. Зорастриялық дін бойынша бұрынғы өткен құдайлар мен періштелер, тіпті жалғыз құдай – Ахурамазданың өзінің *Fravahr*-ды бар. Сасанидтер уақытынан бастап мейрамға шеберлер каолиннен арнайы өрнекті ыдыстар жасалған. Көптеген дереккөздерге қарағанда, Қытайдан Иранға қазірде “чини”, арабша “сини”, яғни “Қытайдан” деген атпен танымал қымбат фарфор әкелінген. “Tsin” деген бұл атау, шын мәнісінде, Қытай династиясы Циннің атауы болып табылады.

Қытай ыдысы мерекелік дастарханды рәсімдеуде ерекше орын алған. Бұл ыдыстарда жеті түрлі мерекелік дәм, тәттілер мен жеміс-жидектер ұсынылды. Жеті саны жеті зорастриялық періштелер: Урдубехешт, Хурдод, Аирдод (Мурдот), Шахривар, Бахман, Сепандармуз және Ахурамазданың өзін бейнелейді. Сол себепті дастарханда міндетті түрде жеті дәм болуы керек және бұл салт Хафтсин (жеті дәм) деп аталды. Күні бүгінге дейін Иранның көптеген ауылдарында бұл салт сақталған. Мерекелік дастарханға “ш” әрпінен басталатын жеті түрлі тағам – шербет, ширини (тәттілер), шам және шарап және тағы басқалары қойылады, бірақ бұл салттың ешқандай негіздемесі жоқ, себебі, бұл туралы Исламға дейінгі бірде-бір дереккөзде айтылмаған. Шамшырақ, шарап және тәттілер дастарханға қойылған, бірақ олар “с” әрпінен басталатын жеті тағамның құрамына енеді. Олар: сабза – тура аудармасы көк шөп, оның қатарына жеті керамикалық немесе қола ыдыста даярланған жеті түрлі жергілікті астық өнімдері кірген. Бұл өнімдерінің әрбірінің өсіп, бой көтеруі жақсы белгі болып саналды және Жаңа жылда жақсы өнім болады, себебі, ауа, жер және періштелер соған көмек етеді деген сенім қалыптасқан. Жасыл түс ирандықтар ұғымында ертеден-ақ және күні бүгінге дейін діни және киелі ұлттық түс болып табылады. Сондықтан да мерекелік дастарханда жасыл шөп болуы міндетті. Бұл – жақсы ырым болып саналады. Иран падишахы халықпен бірге жаңа жылға 25 күн қалғанда патша сарайының алдына кепкен кірпіштен он екі Езид, яғни құдайлар санына орай он екі купол тұрғызды. Бұл куполдардың әрбірінде әр түрлі өнімдер – бидай, арпа, күріш, ірі бұршақ, коджиля, сорго, үрме бұршақ, күнжіт, маш, бұршақ, соя отырғызылды және мереке күні оларды әуенмен ән айта жүріп жинап алады.

Сасанидтер уақытынан бері наурыздың 21-інен 22-сіне қараған түні барлық үйде киелі шырақ жағылады. Бұл дәстүр Иранның, Тәжікстанның және Ауғанстанның кейбір ауылдарында осы күнге дейін сақталған. Наурыз күні таңертең патша сарайынан Иран халқының еркіндігі, азаттығы мен бақытының символы болып табылатын ақ сұңқар бостандыққа жіберілетін болған. Бұл күні түрмеде жатқандар да азаттық алған және күнәлілер де кешірілетін болған. Патшаның сарайы мен үйлерінен, қарапайым үйлерден мереке күндері осы салтқа байланысты орындалатын әуен естіледі. Осы әуен аясында адамдар келер жыл жемісті болады деген ұғыммен бірін-бірі суға лақтырған. Мұнан соң олар бір-біріне қонаққа барған, тәтті-дәмділер мен алтын тиындардан бастап, киімдерге дейін түрлі сыйлықтар сыйлайтын болған. Бұл дәстүр түрлі деңгейде қазір де сақталып келеді.

Көптеген ақындар мен жазушылар жүздеген жылдар бойы Наурызды жырлап келеді. Мәселен, Манучехри (XI ғ.) өзінің көптеген өлеңдерін көктем, Наурыз және жалпы табиғатқа арнаған. Соның бір мысалы:

**Таңсәріде Наурыз келеді,
Әлемді шаттық пен берекеге бөлеп,
Айналаны сұлулық пен бақытқа кенеп.
Қыс пен көктемнің
көзге көрінбес шекарасында,
Жаңа өмір дүниеге келеді,
Жасминнің түсі қою бұлтты сөйілгер,
Барлық жаратылысты
жұмаққа теңеп...
(Манучехри).**

Міне, тағы да жерге Наурыз түседі, сөйтіп көне әлем жастық пен бақытқа кенеліп, жаңарады. Бірнеше ғасырдан бері ирандықтар мен Иранмен ертеден көрші және бір мәдени кеңістікте орналасқан өзге де елдер Наурызды тойлап келеді. Бұл мейрам баяғыда-ақ бір ғана халықтың шекарасын бұзып өтіп, полиэтникалық мейрамға айналған.